

Май ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау схемалары мен тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 02 шілдедегі № 198/7 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 шілдеде № 4616 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 18 тамыздағы № 167/8 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 18.08.2016 № 167/8 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1-7 қосымшаларға сәйкес Май ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау схемалары;

8-қосымшаға сәйкес Май ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау тәртібі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің қадағалайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.


Аудан әкімі

Б. Ысқақова

Май ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 02 шілдедегі
№ 198/7 қаулысына
1-қосымша


**Кіші Ақжар бөлімшесінде тұратын балаларды
Ақжар орта мектебіне тасымалдау схемасы**

Кіші Ақжар бөлімшесі
L= 16 километр



Шартты белгілер:

 - Ақжар ауылының орта мектебі


 - автобустың маршруты

 - бөлімше


L – Ақжар орта мектебінен бөлімшеге дейінгі ұзақтығы

Май ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 02 шілдедегі
№ 198/7 қаулысына
2-қосымша


**Еңбек бөлімшесінде тұратын балаларды
Май орта мектебіне тасымалдау схемасы**



Шартты белгілер:



- Май ауылының орта мектебі



- автобустың маршруты




- бөлімше

L – Май орта мектебінен бөлімшеге дейінгі ұзақтығы

Май ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 02 шілдедегі
№ 198/7 қаулысына
3-қосымша


**Х. Сейітқазин, Тіктоғай бөлімшелерінде тұратын балаларды
Қаратерек орта мектебіне тасымалдау схемасы**



Шартты белгілер:



-Қаратерек ауылының орта мектебі



-автобустың маршруты




- бөлімше


L – Қаратерек орта мектебінен бөлімшелерге дейінгі ұзақтығы

Май ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 02 шілдедегі
№ 198/7 қаулысына
4-қосымша

**Абай бөлімшесінде тұратын балаларды
Саты орта мектебіне тасымалдау схемасы**




Шартты белгілер:

-  - Саты ауылының орта мектебі
-  - автобустың маршруты
-  - бөлімше


L – Саты орта мектебінен дейінгі ұзақтығы

Май ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 02 шілдедегі
№ 198/7 қаулысына
5-қосымша

**Ақсарай, Жаңасарай бөлімшелерінде тұратын балаларды
Малайсары орта мектебіне тасымалдау схемасы**




Шартты белгілер:

-  - Малайсары ауылының орта мектебі
-  - автобустың маршруты
-  - бөлімше

L – Малайсары орта мектебінен бөлімшелерге дейінгі ұзақтығы


Май ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 02 шілдедегі
№ 198/7 қаулысына
6-қосымша

**Жаңатілек, Боспа бөлімшелерінде тұратын балаларды
Баскөл орта мектебіне тасымалдау схемасы**



Шартты белгілер:

 - Баскөл ауылының орта мектебі


 - автобустың маршруты

 - бөлімше




L – А. Иманов атындағы лицей-мектебінен бөлімшелерге дейінгі ұзақтығы

Май ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 02 шілдедегі
№ 198/7 қаулысына
7-қосымша

Шыған бөлімшесінде, темір жол станциясында және Кеңтүбек ауылында тұратын балаларды Көктөбе орта мектебіне және Е. Мұқашев атындағы орта мектебіне тасымалдау схемасы



Шартты белгілер:

-  - Көктөбе ауылының орта мектебі
-  - автобустың маршруты
-  - бөлімшесі
-  - темір жол
-  - Кеңтүбек ауылы
-  - темір жол станциясы

L –Көктөбе орта мектебінен және Е. Мұқашев атындағы орта мектебінен бөлімшеге дейінгі ұзақтығы

-  - Е. Мұқашев атындағы орта мектебі

Май ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау тәртібі

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 26.10.2015 N 294/10 (алғаш рет ресми жарияланған күніне бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Май ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдаудың осы тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" № 1196 қаулысына (әрі – қарай жол қозғалысының ережесі), Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" № 349 бұйрығына сәйкес әзірленген және Май ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беру мектептеріне тасымалдау тәртібін айқындайды.

2. Автокөлік құралдарына қойылатын талаптар

2. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары автомобиль көлігі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітілетін Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану ережесімен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.сәйкес.

Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, гигиеналық нормативтерге және (немесе) техникалық регламенттерге сәйкестігін (сәйкес еместігін) куәландыратын құжатының болуы, сондай-ақ мыналармен:

- 1) автобустың алдында және артында "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрышты айыратын белгімен;
- 2) сары түсті жарқылдауық шағын маякпен;
- 3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын, оңай алынатын

екі өрт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);

4) дәрігерлік алғашқы көмек екі қобдишаларымен (автомобильді);

5) екі жылжуға қарсы тіректермен;

6) апаттық тоқтау белгісімен;

7) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен.

3. Балаларды тасымалдауға пайдаланатын автобустарда мыналар болуы қажет :

1) ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен апаттық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс тұрған шығыңқы жерлер болмауы тиіс;

2) жабық жай-күйде жүргізушінің кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашынның түсуін толық болдырмайтын төбе, авариялық люктер және терезелер;

3) берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;

4) жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстары;

5) тегіс, шығыңқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жоқ баспалдақтары мен салонның едені.

Салон еденінің жамылғысы жыртықсыз біртұтас материалдан жасалуы тиіс;

6) шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары;

7) жылдың суық мезгілінде жылытылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін, құрал-сайман және қосалқы бөлшектер тиелмеген жолаушылар салоны.

Автобустардың салондарын ылғалды жинау ауысымда кемінде бір рет және ластануына қарай жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жүргізіледі.

Сыртқы шамақты жуу ауысым аяқталғаннан кейін өткізіледі.

3. Балаларды тасымалдау тәртібі

Автобустармен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп

маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың қозғалыс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Алаңдарда жайластырылған өту жолдары болуы және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңдар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

Тәуліктің жарық мезгілінде балаларды автобустпен тасымалдау фаралардың жақын қосылған жарығымен жүзеге асырылады.

Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

Балалар топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) рұқсат етілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауы керек.

Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы білім беру ұйымдарымен келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетіледі. Білім беру ұйымдары кестенің өзгеруі туралы балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қолданады.

Балалардың ұйымдастырылған топтарын тасымалдауларына жеті жастан кіші балаларға рұқсат етіледі.

Жеті жасқа толмаған балалар білім беру мекемесі қызметкерлерімен, сондай-ақ ата-анасымен және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды алмастыратын тұлғалармен жеке алып жүруі кезінде ғана жол жүруге рұқсат етілуі мүмкін.

Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және

жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және жол қозғалысының ережесін өрескел бұзбаған.

Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналар рұқсат етілмейді:

1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүруге;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.